

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.I. - Б. 167-168

ЖАНУАРЛАР МҮШЕЛЕРІН АНАТОМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГИСТОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН ЗЕРТТЕУ

Құндызбек А., Аманжол Ж., Аманжол Ж.,
I курс студенттері С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Анатомиялық және гистологиялық әдістерді игеру үшін, студенттер сабақтан тыс уақытта в.ғ.к., қауым. профессор м.а. оқытушы Н.Б. Ахметжанованың жетекшілігімен жүргізілетін «Жас морфолог» студенттік ғылыми үйірмеге қатысады. Зерттеуге қойдың тыныс алу мүшесі – өкпе алынды. Біздің ғылыми жұмысымыздың мақсаты – паренхи- малы мүше – өкпенің қан-тамырлар жүйесін зерттеп, анатомиялық және гистологиялық әдістерді игеру.

Өкпе – *pulmones* - құрылысы бойынша паренхималы мүше. Ол кеуде қуысында орна- ласады, 3 беткейі болады: қабырғалық, диафрагмалық, медиальды.

Қойлардың ерекшелігі өкпеде, бифуркациядан бұрын кеңірдектен кеңірдектік бронх бөлініп, оң өкпенің краниальды бөлігіне енеді [1].



1-сурет. Қойдың өкпесі. А- кеңірдектік бронх.

Сол өкпе үш бөліктен: краниальды бөліктен (*lobus cranialis*), ортаңғы бөліктен (*lobus medius*) және каудальды бөліктен (*lobus caudalis*), ал оң өкпе

төрт бөліктен: краниаль- ды бөліктен (*lobus cranialis*), ортаңғы бөліктен (*lobus medius*), каудальды бөліктен (*lobus caudalis*) және қосымша бөліктен (*lobus accessorius*) тұрады.

Өкпенің қан тамырларымен тарамдалуын көру үшін, біз сұйық бояғыш затпен егу жасадық. Ол үшін мүшені жылы суға салып, сипап, мүшедегі қан тамырларын кеңейттік. Кейін өкпеге вена қанын әкелетін ірі қан тамыры – өкпе артериясын тауып, сол тамырға 2,5 мл бояуды шприцпен баяу енгіздік. Бояу ұсақ капиллярларға таралу үшін, мүшені жоғарыдан төменге қарай сипап өттік. Келесі суретте көріп тұрғандай, бұл мүшенің қан тамырлармен өте жақсы қамтылғанын көрдік. Бұл мүше жүрекпен анатомиялық байланыста көрсетілген.

Мүшеге бояумен егу жасағаннан кейін, гистологиялық препаратқа өкпенің бір бөлігінен 1*1 см кесінді алынды. Кесінді алдын ала дайындалған 10% формалин ерітіндісіне салынды. Кесіндімен бірге өкпенің айналасында орналасқан гемолимфатикалық түйіншелерді салдық. Зерттеу препараттарымыз 10% формалин ерітіндісінде 1 тәулік түрді.



2- сурет. Өкпе қан тамырларының бояғыш затпен визуализациясы

24 сағаттан кейін кесінділер формалиннен алынды, салқын сумен жақсылап шайып, фильтр қағазымен кептірілді. Әрі қарай гистологиялық әдістерді игеру зерттеулері жүргізілді. Зерттеу кесінділерін техника бойынша пайызы жоғарлайтын спирт батареясынан өткізу керек [2]. Ол үшін 90% спиртен 50%, 60%, 70%, 80% спирт дайындадық

№3 сурет.



3-сурет. Спирт батареясын дайындау

Спирт ерітінділерінде кесінділер мүшенің құрылысына қарай 1-2 сағат сақталады. Одан кейін нысандарды хлороформға, хлороформ-парафинге, таза парафинге салады. Әрі қарай гистологиялық препаратты дайындаймыз. Зерттеу нәтижелері бойынша, біз өкпе мүшесінің қан тамырларының тарамдалуын анықтадық және гистологиялық зерттеулердің басты техникасын игердік. 1 курс студенттері болғандықтан, біздің жұмыс жалғасуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жаңабеков К., Жаңабекова Г.К. Жануарлар морфологиясы және латын терминологиясы. [Текст] Алматы, «Сөздік-Словарь», 2005. - Б.318-320.
2. Газизова А.И., Ахметжанова Н.Б., Тожыбаева А.С., Мурзабекова Л.М. Morphological Structure of the Lymphatic System of Sheep Abomasum [Text] // Advances in Animal and Veterinary Sciences 2019. Volume 7. Special Issue 1. Page